

ХАТТАМА №1

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша әдістемелік бірлестік отырысы

Күні: 28 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: «Күншалған ауылының жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Қатысқандар: Бірлестік мүшелері (тізім қоса тіркеледі)

Жетекші: Тауекелова Р.Е

Хатшы: Шыңғысова Ұ.К

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Мұғалімдердің жаңа оқу жылындағы педагогикалық, әдістемелік және цифрлық құзыреттіліктерін жетілдіру бағыттары.
3. Оқу бағдарламаларын, жаңартылған білім мазмұнын және критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыру мәселелері.
4. Ашық сабақтар, жас мамандарға тәлімгерлік және тәжірибе алмасу жоспарын бекіту.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Бірлестік жетекшісі Тауекелова Р.Е жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды.
2. Мұғалімдер өз пәндерінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен жасанды интеллект құралдарын сабақ үдерісіне енгізу жолдарын ұсынды.
3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгерлер бекітілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жаратылыстану-математика бағыты бойынша әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әр пән мұғалімі оқу жылы ішінде кемінде бір ашық сабақ өткізіп, тәжірибе алмасу семинарларына қатыссын.
3. Тәлімгерлерге жас мамандармен ай сайын әдістемелік жұмыс жүргізу тапсырылсын.
4. Оқу жылы барысында цифрлық білім беру ресурстарын (BilimLand, iTest, ChatGPT, т.б.) тиімді қолдану ұсынылсын.

Бірлестік жетекшісі: Тауекелова Р.Е

Хатшы: Шыңғысова Ұ.К

ХАТТАМА №2

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша әдістемелік бірлестік отырысы

Күні: 20 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: «Күншалған ауылының жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Қатысқандар: Бірлестік мүшелері (тізім қоса тіркеледі)

Жетекші: Тауекелова Р.Е

Хатшы: Шыңғысова Ұ.К

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдау
2. Инновациялық тәсілдер арқылы математикалық сауаттылықты арттыру
3. Оқушылардың олимпиадалық тапсырмаларын талдау
4. Әдістемелік жұмыстарды талқылау

ТЫНДАЛДЫ:

Әр мұғалім I-тоқсан қорытындысы бойынша өз пәнінен білім сапасы мен үлгерімін талдады.

Инновациялық тәсілдердің тиімділігі атап өтілді. Олимпиада тапсырмалары бойынша оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері талданды

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін
2. Инновациялық әдіс-тәсілдерді сабақ барысында қолдану жалғастырылсын
3. Келесі олимпиадаға дайындық жоспары жасалсын.

Бірлестік жетекшісі: Тауекелова Р.Е

Хатшы: Шыңғысова Ұ.К